

«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Хаттама

Семинар тақырыбы: «Абай шығармаларын жаһандану жағдайында жаңаша оқыту»

Күні: 14.11.2022

Ақтөбе қаласындағы №69 жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Бақтығұловтың жетекшілігімен «Абай шығармаларын жаһандану жағдайында жаңаша оқыту» тақырыбындағы облыстық шығармашылық шеберхана жұмысы өткізілді.

Шығармашылық шеберхананы мектеп директоры А.Абжалелова ашып беріп, әрі қарай мектеп психологы А.Саин ұжымдасу, бірлесу мақсатында «Мұнара» жаттығуын өткізді.

Шығармашылық шеберхананың алғашқы отырысы дана Абай шығармаларын бұрынғы сүрлеу көзқараспен емес, жаһандану жағдайында таныту, бүгінгі күндегі өзектілігін, жаңашылдығын кәсіби мамандарға және оқушыларға ұғындыру, «миллениумдерге», цифрлық аскетизм, популизм элементтері басым ұрпаққа Абай шығармаларын уақыт талабына сай оқыту секілді мақсатқа бағытталды.



«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Хаттама

Облыстық форум тақырыбы: «Абай шығармаларын жаһандану жағдайында жаңаша оқыту»

Күні: 01.11.2022



Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» атты облыстық форум өтті. Бұл шараға облыстың жетекші мектептерінен 120-дан астам және Зияткерлік мектептен 10 жас мұғалім қатысты.

✧ Форумды облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Нұргүл Бертлеуова ашып, мұғалімнің миссиясы мен мамандықтың құндылығына тоқталып, жас педагогтердің мәртебесін арттыру мақсатында сөз сөйледі.

✧ Форумға «Ақбөбек» компаниясының құрылтайшысы, Ақтөбе облысы бойынша іскер әйелдер аймақтық кеңесінің төрайымы Кульпаршин Айдарханова, Ақтөбе облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқарма басшысының орынбасары Нұржан Мақсатов, Ақтөбедегі Педагогикалық Шеберлік Орталығының директоры Тауиля Акимова, Жастар форумының делегаты Ақтөбедегі Назарбаев зияткерлік мектебінің жас ұстазы әрі алғашқы түлегі Райымбек Тұрсынбаев қатысып, жас ұстаздарға жылы лебіздерін білдірді.



✧ Шараның келесі бөлімінде Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері оқыту мәселелерін талқылау бойынша «Сабақ конструкторы: жинаймыз және қолданамыз», «Функционалдық сауатсыздық: олқылықты қалай толтырамыз», «Инсайт: жанама тәжірибеден өзіндік әрекетке» және «Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану» тақырыптары бойынша жетістік алаңдары өткізілді.

✧ Форумның практикалық бөлімінде «RICH алгоритмі сабақта» атты ПШО филиалы директорының шеберлік сабағымен қатар, тең-теңімен қағидаты бойынша жас педагогтердің Кәсіби дамуы мен проблеманы шешу қабілетін шыңдау мақсатында хореография, нейрографика, ісмерліктің пайдасы және шебер қолдар бөлімдері бойынша Active Spot креативтілік алаңына шақырылды.

Жұмыс соңында форум барометрі көрсетіліп, кері байланыс алынды. Осы форумға мектебіміздің жас маманы Е.М.Садуов қатысып, практикалық құндылығы мол көптеген пайдалы ақпарат алды. Аталмыш форумға мектебіміздің жас маманы педпгог-психолог Саин Ақмарал Ғабитқызы белсене қатысты.

«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Хаттама

Семинар тақырыбы: Бастауыш класс оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары

Күні: 09.02.2023



2023 жылдың 9 ақпан күні Ақтөбе қаласындағы №69 жалпы білім беретін орта мектебінде "Бастауыш класс оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары" тақырыбында облыстық семинар өтті.

Семинардың мақсаты - бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи сабақты жоспарлау және ұйымдастыру қабілеттерін жетілдіру, белсенді оқыту әдістерін тиімді қолданудағы шығармашылық ізденістерімен бөлісу, өзіндік тәжірибелерін көрсету арқылы шеберліктерін шыңдау.

Семинар басында психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында педагог-психолог А. Саин педагогтермен жаттығулар жүргізді.

Облыстық семинар жұмысына "Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының аға оқытушысы, п.ғ.м. Ж.Жубаева жетекшілік етті. №69 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері С.Иманиязова, Г.Баймуханова, Г.Жумашева, Н.Жайлаубаева, Н.Батенова, А.Орынкулова, А.Жақыпова, А.Назарбаева бастауыш сынып оқушыларына әліппе, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерін оқытудағы функционалдық сауаттылықты дамыту хақында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Педагогтер Г.Урысбаева, М.Сауытбай жылдам оқыту дағдыларын қалыптастыру жолдарын ұсынды. Эстетика бірлестігінің мұғалімдері бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек және музыка сабақтарындағы эстетикалық талғамын қалыптастыруының, ұлттық құндылықтарды меңгеруінің маңыздылығын сөз етті.



Семинар жұмысына әріптестік серіктестік мақсатында Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінің бастауыш класс мұғалімдері қатысты. "Интервью" әдісімен кері байланыс кезінде семинарға қатысушылар ұйымдастырушыларға мазмұнды семинар үшін алғыс білдірді. "Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының директоры Н.Абишева іс-шараны қорытындылай келе, семинарды өткізген №69 жалпы білім беретін орта мектебінің ұжымына және семинарға қатысушы педагогтерге алғысын білдірді.

«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Хаттама

Семинар тақырыбы: Жаһандану жағдайында жасөспірімдердің бойында эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру

Күні: 17.02.2023

17 ақпан күні №69 жалпы білім беретін орта мектебінде “Жаһандану жағдайында жасөспірімдердің бойында эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру” тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған шебер класс ұйымдастырылды. Жасөспірімдерге Абай мұрасының өміршеңдігін насихаттай отырып, ұлттық негіздегі эстетикалық тәрбиені сіңіруді үйрету мақсатына құрылған іс-шараға қалалық білім бөлімі “Әдістемелік кабинет” КММ әдіскері А. Айтбағанбетов қатысты.” Ұлы дала ұлағаты” көрмесінен бастау алған жұмыс барысы оқушылар және қатысушылармен Абай мұрасын қазіргі ұрпақ санасына толыққанды жеткізу турасындағы тиімді әдістермен бөлісу, табысты оқушы деген кім, түстер планетасына саяхат сынды жұмыстар легімен жалғасып, “Өнердің мініп пырағын” концерттік бағдарламасымен аяқталды. Қатысушылар түйінді ой мен тілек, пікірлерін айтып, шарп қорытындыланды.



№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА

2023 жылғы 17 қаңтар


Тақырыбы: 5-класс оқушыларының орта буынға бейімделуі

Мақсаты: абақтастық кезіндегі 5 класс оқушыларының білім, білік, дағдыларын байқау, орта буынға сәтті бейімделуін қамтамасыз ету.

Қатысқандар: 5-класс жетекшілері, пән мұғалімдері

Білім берудегі сабақтастық: «5 класс оқушыларының орта буынға бейімделуі» тақырыбында 17 қаңтар күні психологиялық-педагогикалық консилиум өткізілді.

5 класс оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша жүргізілген іс шаралар бойынша мектеп психологы, класс жетекшілер және пән мұғалімдері өз ойларын ортаға салып, оқушылардың орта буынға жақсы бейімделіп кетуіне ықпал етер алдағы жасалатын жұмыстың негізгі бағыттары қарастырылды.



ХАТТАМА

2022 жылғы 24 қазан

Тақырыбы: 1-класс оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі

Мақсаты: бастауыш класс мұғалімдеріне баланың мектептегі оқуға бейімділігі бақылау

Қатысқандар: 1-класс жетекшілері



2022 жылдың 24 қазан күні 1-класс оқушыларының мектепте оқуға бейімделу анықтау мақсатында бастауыш сыныптар әдістеме бірлестігінде “1-класс оқушыларының мектепке бейімделуі” тақырыбында әдіс - алмасу сағаты ұйымдастырылды. 1-класс ұстаздары өз іс - тәжірибелерімен бөлісті. Баланың мектепке бейімделу нышандары, 1-класс оқушыларының оқу дағдысы және сабақта қолданылатын әдістер

жайлы, жылдам оқыту әдіс - тәсілдері жайлы мұғалімдер өзара талқылап, ой бөлісті.

Мектеп психологы А.Саин 1-класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижелерімен бөлісіп, ұсыныстар білдірді.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың бастапқы жеке басын қалыптастырудың қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Баланың бастапқы жеке басын қалыптастыру үшін біз ең алдымен балаларды мектепке бейімдеуіміз қажет.



Мектепке бейімделу кез-келген мектеп жасындағылар үшін өзекті мәселе болып табылады, ал бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше маңызды. Себебі, баланың бастапқы іс-әрекетінің түрі өзгереді, бала тап болған әлеуметтік тап өзгереді. Бала тек қана сыныбына ғана емес, жалпы мектебіне, мұғаліміне, сондай-ақ мұғалімнің өзі жаңа оқушыларына бейімделуіне тура келеді.

ХАТТАМА

Тақырыбы: Мұғалім- ұлттық құндылықтарды шәкірт бойына сіңіруші

Мақсаты: Мұғалімнің оқушыны бақылап, жүрегіне жол таба білу және жеке тұлға ретінде сыйластықпен бағалап, көңіл бөлу керектігіне көңіл аудартуын арттыру.

Қатысқандар: педагогтар

2022 жылдың 3 қараша күні «Мұғалім – ұлттық құндылықтарды шәкірт бойына сіңіруші» атты тренинг өтті. Тренинг барысында ұстаздар «Шаттық шеңберінде» әріптестеріне жылы лебіздерін білдірді. «Амандасу» тренингі арқылы әр елдің амандасу ерекшеліктерін көрсетті. Сонымен қатар «Менің жақсы қасиеттерім», «Суреттегі ой» жаттығуы, «Еңбек ағашы» жаттығуы және «Суреттен нені байқадыңыз?» психологиялық тестін орындады.

Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз — білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?! Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз" - деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Мұғалім.

Тренинг соңында ұстаздар өздерінің жүрек жарлы тілектерімен бөлісіп, тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.

ХАТТАМА

2022 жылғы 9 желтоқсан

Тақырыбы: Оқушылардың суицидалды мінез-құлқы

Мақсаты: Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез – құлықтың алдын алу

Қатысқандар: педагогтар



2022 жылдың 9-желтоқсан күні мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқтың алдын алу мақсатында «Оқушылардың суицидалды мінез-құлқы» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы Саин А.Ф. тәуекел топты анықтаудағы мектеп қызметкерлерінің әрекетіне тоқталды: «егер біз ешқандай қызығушылықтың нышаны байқалмаса, сабақ үлгерімі төмендеп, көзінен үмітсіздік байқасаңыз дереу әрекетке көшіңіз. Оған маман тарапынан көмек көрсетем дегенше оған қамқор болыңыз. Әңгімелесуге, оның мәселесін шешуге болатынына, тіпті арнайы мамандардың қызметтерін білетініңізді айтыңыз. Дұрыс сұрақтар қоя біліңіз.өмір сүрудің керемет жақтарын айтып, оның өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал жасаңыз. Сонымен қатар егер мұғалім тәуекел топтағы оқушыны анықтасаңыз, оған көмек көрсетуден бас тартпаңыз. Сіз оның өмірін сақтап қалуыңыз әбден мүмкін», деп сөзін аяқтады. Дәріс соңында мұғалімдер мен қызметкерлерге сенім телефондары беріліп, оларға дәрістің қысқаша мазмұны берілген үн парақтар таратылды.

